



KAZAKH ARAI KHAN UNIVERSITY
OF INTERNATIONAL RELATIONS AND
WORLD LANGUAGES

Тіл әлемі Мир языков

15 марта 2016 г., № 3 (153)
Издается с апреля 1997 года

15 наурыз 2016 ж., № 3 (153)
1997 ж. сәуір айынан бастап шығады



Дорогие сотрудники и студенты университета!

Наурыз – светлый праздник, олицетворяющий Новый год по восточному календарю. Наурыз совпадает с днем весеннего равноденствия, что отражает объективное исчисление нового года. История празднования наурыза восходит к древним временам, но неизменным остается то, что это праздник весны, смысл которого связан с жизнью и пробуждением природы. Это праздник, в основе которого лежат общечеловеческие ценности – семья, традиции, взаимовыручка. В этот замечательный праздник, думаю, что свет солнца принесет в каждый дом радость и поможет нашему коллективу преодолеть сложности, связанные с предстоящей в этом году государственной аттестацией. Перед коллективом стоят непростые задачи, решить которые мы можем сообща, объединив усилия. Думаю, что успешное решение поставленных задач преумножат нашу силу духа.

В университете мы отмечаем Наурыз ежегодно. И каждый раз в этот праздник мы поздравляем своих сотрудников и студентов, желаем благополучной жизни, в которой нет места печалью. От своих студентов мы ждем креативных инициатив по совершенствованию студенческой жизни. Кто уделяет большое внимание саморазвитию, тот достигнет больших результатов в обучении. Кто ценит то, что является перспективным гражданином нашей страны, тот добьется в жизни многого. Одной из важнейших задач нашего вуза является подготовка полиязычных студентов, которые будут реализовывать идеи триединства языков в жизнь. Успехов нам на этом поприще!

**Ректор КазУМОиМЯ имени Абылай хана,
доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК
Кунанбаева С.С.**

1 Наурыз - Алғыс айту күні

Қазақстан Республикасы Президентінің пәрменімен 1 Наурыз – Алғыс айту күні болып белгіленді. Бұл мереке биыл бірінші рет өткізіліп отыр.

Қазақ халқында «Батамен ер көгерер, жауынмен жер көгерер» деген мақал-мәтел бекер айтылмаса керек. Менің ойымша, бұрын-соңды болмаған, Алғыс айту күнінің белгіленуі дұрыс құптанарлық нәрсе. Бірақ Алғысты кімге айтамыз деген сұрақ туады? Бұл жауапты әркім өзі біледі. Десе де бәрімізді дүниеге алып келген анамыз, қорғаштаған әкеміз бар екені айдан анық. Тоғыз ай құрсағында, жүрегін астында ұстап, түн ұйқысын төрт бөліп, ақ сүтін беріп, жыласақ астымызды құрғатып, ер жеткізді. Мектепке апарып, әрбір жеткен жетістігімізге, табысымызға қуанды. Бізді жоғарғы оқу орнына түсіріп, мен көрген қиыншылықты балам көрмесе екен, ел қатарлы болсын, - деп біздер үшін күні-түні қызмет қылады. Өмірде бәрі тактайдай тегіс бола бермейді. Өмір болған соң, күлкі мен қайғы әрдайым бірге жүреді. Ата-анамыз біздің азамат болып, өмірден өз орнымызды тапқанымызға, адал еңбегімізбен ел қадірлейтін дәрежеге жетсек, қуаныштарында шек жоқ болатыны хақ. Туыскандарына, көршілеріне біз туралы айтып, екі езулерінен күлкі жадырап шыға келеді. Сол себепті, әке мен ананың өнегесі мен өсиетін ұйып өскен біз, дәл сол кісілердей тура басып,

тура жүретініміз кәміл. Қандай бала болмасын, ешқашанда ата-ананың алдындағы парызы мен қарызын мәңгілік өте алмайтыныз анық. Демек, алғыс айтуды ең алдымен өз ата-анаңнан, яғни өз отбасынан бастаған жөн.

Бұл күні әліппені алғаш қолға ұстатқызған, адамгершілік рухқа бағыт-бағдар берген, екінші анамызға, яғни ұстаздарымызға алғыс айтуды ұмытпағанымыз дұрыс болар. Сонымен қатар, қиын уақытта бізбен бірге болып, ақылын айтып, жанымызға медет болған, көмегі мен қолұшын көрсете білген достарымызға, құрбы-құрдастарымызға көңілімізден шыққан сөзді аямағанымыз дұрыс.

Біз бейбіт өмірде өмір сүріп жатырмыз. Осының бәрі бүгінде қатары мүлде сиреген, қауқары жоқ, жүректері кең, кеше ғана Ұлы Жеңістің 70 жылдығын кең көлемде тойлаған Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері мен майдангерлердің арқасы. Біз ол кісілерге мәңгілік қарыздармыз! Өмірін, жастық шағын қан майданда өткізіп, жеңісті жақындатып, ұлан-байтақ жерімізді сақтап қалды. Сөзімді қорытындылай келе, жақсы ісімізбен үлкендерге ізет көрсетіп, өз-өзімізді құрметтеп, қадірлейтін кісіге Алғыс айтып, осындай қасиетті күнді жадымызда ұстағанымыз жөн болар.

**1 курс, журналистика
Молдағалиева Мадина**



75-жылдықты
АТАП ӨТУ
Бізде «alma-mater»

Білім алам десеніз ...

Дана қазақ халқында ұлағатты, дана, астарында мол сыр жатқан қаншама сөз, қанша өнеге бар десенші. Халық айтса, қалт айтпайды деген екен. Олай болса осындай керемет сөздердің бірі адам баласы екі таңдаудан қателеспеу керек екендігі жайлы. Біріншісі ол жар таңдаудан болса, екіншісі ол мамандық таңдаудан. Әрине, бала кезімізден, мектеп қабырғаларында оқып жүрген кезімізде ақ бұл сұрақ әркімді аландатқаны анық. Бірі адам өмірін сақтаушы ақ халатты дәрігер я болмаса жас буынды білім нәрімен сусындатар мұғалім боламын деп армандаса, бірі тіптен адам өмірін жеңілдетер жаңа технологиялар ойлап шығаратын инженер боламын деп алдына мақсат қоятын еді. Ал менің алға қойған мақсаттарымның бірі ол адамның бостандықтары мен мен құқықтарын қорғайтын заң қызметкері болу деген арман еді. Алайда менің шынайы арманым осы екенін мен кейіннен түсіндім. Себебі осыған дейін көптеген туыскандарым осы қызымыз бізді емдеп жазар дәрігер болады деген сөздерінен болар. Бұл мақсатқа жету жолында көптеген қиындықтар алдымнан кездесті. Мақсатқа жету жолында қаншама еңбек, қаншама тер төгілді десенізші? Осылайша мен басқа жоғарғы оқу орнына жарты жыл бойы оқып шықтым. Осыдан кейін алға қойған мақсатымды жүзеге асыру керек деп шештім. Сол күннен бастап алға қарай дұрыс бетбұрыс жасадым.

Қазіргі таңда мен Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің, халықаралық құқық мамандығының 3 курс студентімін. Алматыдағы көптеген жоғарғы оқу орындарының ішінен дәл осы университетті таңдағаныма еш өкінбеймін, керісінше мақтан тұтамын. Неге десеніз бұл жерде білікті оқытушылар тәлім береді. Оған қоса ағылшын тілін жетік меңгерген оқытушыларымыздан еңбектенсеңіз шетел тілін меңгеріп кете аласыз деп нық сеніммен айта аламыз. Университетіміздің жағажанасында осы мақаланы жаза отырып бұл оқу орнына алғаш келген күнім көз алдыма елестеп отыр. Жаңа орта, жаңа оқу бағдарламасы, жаңа оқытушылар. Ең басында әрине қорқыныш болды. Бұл саланы мен меңгеріп кете аламын ба, бұл менің қолымнан келеді ме деген сұрақтар маза бермеді. Менің бір түсінгенім қандай мақсатқа болмасын жету үшін адам баласына екі ақ нәрсе керек екен, ол өз өзіне деген сенімділік пен қажырлы еңбек. Осы екі фактордың арқасында бүгінгі таңда қалаған мамандығым бойынша білім алудамын. Бұл жоғарғы оқу орны жайлы айтар болсам... 75 жылдық тарихы бар бұл білім ордасы 7 базалық факультет бойынша жұмыс істейді. Олар: аударма және филология факультеті, педагогикалық факультет, менеджмент және халықаралық коммуникациялар факультеті, халықаралық қатынастар

Менің Университетім - мақтаным

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдер Университетінің 3 курс студентімін. Менің университетім Қазақстандағы ең танымал ЖОО-дардың бірі. Қазақстандық ЖОО арасында өз көшбасшылығын сақтап тұр, өйткені ол әлемнің 14 тілінде кәсіптік білім беруді жүзеге асыратын танымал көп бейінді ғылыми-білім беру мекемесі болып табылады. Бүгінде университетте 7 базалық факультет жұмыс істейді: аударма және филология факультеті, педагогикалық факультет, менеджмент және халықаралық коммуникациялар факультеті, халықаралық қатынастар факультеті, шығыстану факультеті, қосымша білім беру факультеті мен экономика және құқық факультеті. Мен экономика және құқық факультетіндегі халықаралық құқық мамандығы бойынша білім алып жатырмын. Осы мамандықты таңдағаныма еш өкінбеймін, себебі кішкентай кезімнен-ақ заңгер болуды армандағанмын. Бұл халық арасында танымал, көпшілік таңдайтын мамандықтардың бірі. Заңгер мамандығы әр қоғамда, қандай жағдай немесе тәртіпте болмасын сұранысқа ие болады. Бұл мамандық иелері мемлекеттік мекемелерде, заң органдарында, түрлі ұйымдарда, шағын фирмаларда, кәсіпорындарда, коммерциялық және қоғамдық құрылымдарда ауадай қажет. Болашақта

факультеті, шығыстану факультеті, қосымша білім беру факультеті мен экономика және құқық факультеті. Бүгінгі таңда Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӨТУ 14 ассоциациялардың: Университеттердің Халықаралық ассоциациясы (ЮНЕСКО), Eurasia-Pacific United ассоциациясы, Туризм бойынша үш Халықаралық ассоциацияның (ATLAS, AMFORTH, EURHODIP), франкофондық университеттердің Халықаралық ассоциациялары (AUF), Жоғары мектеп ғылымдары халықаралық академиясы, Халықаралық қатынастар мектептері (МГИМО) ОӘБ ассоциациясы, ММЛУ ассоциациясы, Еуропалық тілдік кеңесінің (ELC) ассоциациясы, ШЫҰ-ына мүше елдердің гуманитарлық университеттері консорциумының, ЕврАзЭС-ке мүше елдердің лингвистикалық университеттері консорциумының, Бельгия EUPRERA (The European Public Relations Education and Research Association) ассоциациясының, The European Association for International Education (EAITE) ассоциациясының мүшесі болып табылады. Халықаралық ассоциациялардың: Университеттердің Халықаралық ассоциациясы (ЮНЕСКО), Eurasia-Pacific United ассоциациясы, Туризм бойынша үш Халықаралық ассоциацияның (ATLAS, AMFORTH, EURHODIP), франкофондық университеттердің Халықаралық ассоциациялары (AUF), Жоғары мектеп ғылымдары халықаралық академиясы, Халықаралық қатынастар мектептері (МГИМО) ОӘБ ассоциациясы, ММЛУ ассоциациясы, Еуропалық тілдік кеңесінің (ELC) ассоциациясы, ШЫҰ-ына мүше елдердің гуманитарлық университеттері консорциумының, ЕврАзЭС-ке мүше елдердің лингвистикалық университеттері консорциумының, Бельгия EUPRERA (The European Public Relations Education and Research Association) ассоциациясының, The European Association for International Education (EAITE) ассоциациясының мүшесі болып табылады. Осындай көптеген әлемге танымал халықаралық ассоциациялардың мүшесі бола отырып, біз осы университетіміздің деңгейі, халықаралық аренадағы алтын орны зор деп айтсақ қателеспейміз.

Жоғарыда айтқанымдай мамандық таңдаудан қателеспеуге тырысыңыздар. Мен болашақта маған артылған сенімді ақтауға бар күш жігерімді жұмсаймын. Білікті маман болу жолындағы сара жолды салып берер дәл осы жоғарғы оқу орнын таңдауда еш қателеспедім деп нық сеніммен айта аламын. ҚР көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев айтқандай: «Қазақстанның болашағы білімді жастардың қолында.» Ал, осы бізге еліміздің президенті артып отырған үмітін, бізге жолдаған жолдауын жүзеге асыру үшін біз күн түн демей алға қарай қадам басып, білім шыңына қарай ұмтылып, еңбектенуіміз қажет. Біз жастар, расыменде елдің болашағы, оның басқа алдыңғы қатарлы елдермен терезесінің тең болуы біздің қолымызда, біздің мойынымызға артылған міндет деп білуіміз қажет. Олай болса, біз жастар, артылған сенімді ақтап, елімізді дамыған он елдің қатарына қосамыз деп сенелік, соған қарай нық қадамдар жасалық!!!

**Идрышева Фариза, 3 курс студенті,
Ғылыми жетекшісі: Аралбаева А.А.**

менде сондай мамандардың бірі боламын. Мұнда өз арманына қол жеткізуге мол мүмкіндіктер қарастырылған. Мысалы, арнайы заңгер мамандығы үшін сот процессін жүргізетін сот залы бар. Осы ҚазХҚЖӨТУ табалдырығында көптеген ғылыми-конференцияларға қатыстым. ҚазХҚЖӨТУ атынан СДУ, ҚазҰУ, Тұран, КАУ, ҚР ПМ Академиясында өткен ғылыми-конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Бұның бәрі әрине ҚазХҚЖӨТУ – дегі оқытушыларымыздың берген білімдерінің арқасында. Біздің топта 19 студент білім алуда. Бәріміз бір үйдің балаларындай тату - тәтті, ұйымшыл топпыз. Осы оқу ордасынан керемет достар таптым десем де артық болмас еді. Осы Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдер Университетін оқып жатқанымды мақтан етемін. 3 жыл ішінде білім алып жатқан ЖОО-ным менің екінші үйіме айналды. Мен аталған оқу ордасындағы ұстаздардың, бірге оқитын достарымның, жанашыр ата – анамның қолдауларының арқасында өз арманым, мақсатыма жетіп, өте жақсы білімді де білікті маман иесі болып шығатыныма сенемін. Осы жылы бітіретін жас түлектерді Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӨТУ-не оқуға шақырғым келеді. Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӨТУ-нің бітірушілері сапалы білім алумен қатар тұрақты жұмыс және кәсіби дағдыларды да меңгереді. Біздің университеттің студенті атану- әр талапкер үшін үлкен құрмет!

**Жорабек А.А.,
ЭҚФ, ХҚ 3 курс студенті.**

*Bizдің
«alma-māter»*

«Мұқағали мәңгілік ғұмыр»

Ақпан айының 17-ші жұлдызы біздің университетіміз үшін атаулы күн болып есептелінді. Себебі, бұл күні қасиетті қара шаңырағымыздың мәжіліс залы студент жастар мен ұстаздарға толы, жаңалыққа жаны құмар жастарымыз бейне бір ғажайыпты күткендей әсер қалдырады. Бұл күні елімізге Қазақтың лирик акыны, мұзбалақ акын, өз заманында лайық бағасын ала алмаса да өзінен кейінгілер үшін мәртебесі жоғары ақиық акын, бүгінгі таңда еңкейген қарттан, еңбектеген балаға дейін сүйіп оқитын өлеңдері мен поэмалары бар: «Қырман басында», «Қойшы бала - Әкітай», «Советтік шекара», «Німнің ойы», «Жастық жыры» атты өлеңдері. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасының, сондай-ақ «Ильич», «Ақ қайын әні», «Мавр», «Қарындастар, қош болындар» «Чили – шуағым менің» сынды туындылардың авторы Мұқағали Мақатаев. Қазақ халқы, Қазақ акыны, Қазақ поэзиясының кешегі майдангер, ғажайып дарын иесі асқар таумен дархан даланың жаны жарқын асыл адамдары мен таңғажайып табиғаттың асқақ жыршысы, өлеңдерінде, поэзиясында өзіндік үн естіледі, өзіндік қолтанбасы көрініп тұрады. Акының балалық шағы, туған жері мен ауылы, араласқан адамдары, өз өмірі өзіндік бір поэзия. Ол халықтың жақтаушысы, қуанса бірге қуанып, қайғырса бірге күйінетін. Сол себепті акын жасаған образ – сол бір кезең тарихының, өмірінің шынайы белгісі. Осы кештің өтуіне қолдау көрсеткен университетіміздің ректоры, профессор Сәлима Сағиқызы Құнанбаева ханымға алғысымыз шексіз. Мұқағали Мақатаевтың бес жыл бұрын 80- жылдығын атап өттік, енді міне 85- жылдығына орай «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты әдеби-сазды кеші студенттер мен ақпараттық кітапхана орталығы қызметкерлерінің ұйымдастыруымен көрініс тапты. Кештің ашылу салтанатында алғашқы сөз кезегі Халықаралық Қатынастар Факультетінің деканы Дәулетбек Садуақасұлы Раев мырзаға беріліп, кейін ПФИЯ, ФПИФ, ФММК, және Халықаралық Қатынастар мамандығы

бойынша білімін сусындатып жатқан студенттердің өнерімен жалғасын тапты. Кеш үш бөлімнен тұрды: «Жазылар естеліктер мен туралы», «Поэзия жүрек тілі», «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді көрсетілді, және жүрек тебіреніп өлеңдер мен әсем ән асқақтап, көрермен қауымды бір серпілтіп тастады. Мұқағали ағамыздың жырларын әр тілде кітапхана ұжымының қызметкерлері: Гулжанат Тұрарқызы-қазақ тілінде, Загила Рахымжанқызы-түрік тілінде, Ләйла Алшынбайқызы-неміс тілінде, Карина Германовна-орыс тілінде, Эльдана Ғабитқызы-ағылшын тілінде ерекше бір ілтипатпен орындады. Сонымен қатар бейне ролик, сахна бенздеріліп және портретімен дәйексөздер ілініп, «Мұқағали мәңгілік жыр» атты көрме қойылды.

Раев Дәулетбек Садуақасұлы сахна төріне қонағымыз, асылдың сынығы Мұқағали Мақатаевтың ұлы Жұлдыз Мұқағалиұлына сөз берілді. Ол өз әкесі жайында естеліктер айтып, осы кешті ұйымдастырып отырған басшыларына, кітапхана төрайымына және ұжымдарына алғысын білдірді. Біздің университетіміздің оқушылары, Мұқағали ағамыздың құрдасы, әрі замандасы, филология ғылымдарының докторы, профессор Байынқол Қалиұлы Қалиев мырзаға, Рысалды Құсайын Тынысбайұлына сөз берілді. «Педагогика және психология» кафедрасының PhD докторанты Меруерт Слямханқызы Тілеубаеваның «Ғылыми тақырыбым-Мұқағали Мақатаев жырларының психологиялық аспектілерді» деп аталатын, жырларын зерттеп, оны ағылшын тілінде аударған, испанияда, италияда, францияда жарық көрді. Сонымен, қатар Мұқағалидың отыз өлеңі ағылшын тілінде жеке кітап болып, шетелде басылып шығарылғандығы айтылды. Кеш соңында жиналған қауым Жұлдыз Мұқағалиұлы студенттер мен кеш қонақтары ешкерткіш ретінде суретке түсіп, және таланты студенттерге «Алғыс хат» ретінде жеке-жеке марапатталды. Осындай ардақты азаматпен кездесіп, оның тілектерінің куәсі болу әрбір студент үшін, өмірдегі маңызды сәт деп ойлаймын. Алдағы уақытта осы әдеби-сазды кешіміз бен бас қосулар жалғасын тапса, нұр үстіне нұр болмақ.



Ақпараттық кітапхана орталығының кітапханашылары:
Умирбекова Р.А., Бейсова А.С., Жунусалиева Р.А.

Асыл ана

Томпайып бейтің қалып белең қырда,
Қалдырды өз мұрасын ұл мен қызға.
Білген жоқ бірақ анам, сол қызының,
Өсерін құмар болып өлең-жырға.

Асыл анам әлдиінді сағындым,
Бірбақытты бере салған тәңірдің.
Сол бақытты сыйлап кеткен мағанда,
Анамның мен аруағына табындым.



Сездірдіңіз не екенін бақыттың,
Бақытпенен жүрегімді шалқыттың.
Асыл анам қымбатсын ғой сен маған,
Керегі жоқ, алтын, лағыл, жақұттың.

Сен қайдасың? Іздейсің бе сен мені?
Жан анашым қауышайық кел бері.
Бауырына басшы мені құшақтап,
Мендей қызың мейіріне шөлдеді.

Кетпеші ана менен алыс жыраққа,
Жанұяң мен осы жерде тұрақта.
Балаларың сағынатын, аңсайтын,
Ұлың менен қызыңды да жылатпа.

Түсін ана, түсінші қызың жанын,
Өзінді сағынумен еске аламын.
Тұңғық жүрегімнің түпкірінен,
Бір өзіңе мен бүгін жыр арнадым.

ФММК журналистика, 105-топ
Максұтова Аида

ГЕРМАНСКИЙ WORKSHOP



В декабре 2015 года в рамках международного сетевого проекта DAAD «Культурные контакты и конфликтные зоны в Восточной Европе» был проведен международный мастер-класса «Transnational Virtual Seminars». Поясним, сетевой проект, участником которого является КазУМОиМЯ им. Абылай хана, реализуется уже несколько лет. За эти годы были научные конференции, летняя школа, разного рода и ранга мастер-классы.

На это раз workshop был проведен Гиссенским университетом совместно с Институтом исторических исследований в Восточной Европе в Марбурге.

Безупречно организованное немецкими коллегами мероприятие отличалось одновременно и научной, и весомой прикладной – учебной - направленностью.

Ключевая лекция доктора Юргена Хандке о принципах и перспективах академического е-образования давала участникам методологическое понимание этой формы обучения. Кстати, подкупала в исполнении от этого известного германского теоретика и практика психологически выверенная для слушателей форма подачи известной всем формы обучения.

Далее началось, пожалуй, самое важное и интересное. Реальная работа участников из разных стран: Германии, Украины, Польши, Белоруссии, Румынии, России и Казахстана - воплотилась в реальных проектах, разработанных за два дня научного обсуждения. Конечно, была и групповая работа, и анализ ситуации в странах-участниках сетевого проекта, были горячие дискуссии и плодотворный обмен мнениями. Эти идеи затем логично были встроены в предложенные идеи курсов. Смоделированные на мастер-классе курсы были по своему содержанию междисциплинарными и международными по географии и виртуальными в своей предполагаемой реализации. Так, в результате работы нашей группы (Украина, Казахстан, Польша) был предложен проект курса «Коммуникация конфликта». Последний включает себя три части: Конфликты в масс-медиа; Язык конфликта, Конфликты в этнической и национальных сферах.

Работа по новому е-курсу продолжалась уже и после мастер-класса, когда координатор нашего проекта Надя Трач (Киево-Могилянская Академия) в on-line режиме собрала нас всех, четко определила организационную стратегию подготовки и реализации курса.

Workshop закончился, мастер-класс продолжается.

Газинур Гиздатов
профессор кафедры
международных коммуникаций

НОВАЯ КНИГА

Буренина-Петрова О.Д., Гиздатов Г.Г.

ТЕОРИЯ МЕДИАЛЬНОСТИ
И СОВРЕМЕННАЯ ПРАКТИКА

УЧЕБНОЕ ПОСОБИЕ

Буренина-Петрова О.Д., Гиздатов Г.Г. Теория медиальности и современная практика. Алматы, КазУМО и МЯ им. Абылай хана. 2016 – 128 с.

В учебном пособии впервые в научной и учебной практике представлен обзор западных теорий медиальности, на основе которого предложен анализ современной медиальной практики Казахстана.

Данная книга выпущена в рамках программы «Привлечение зарубежных ученых в вузы Казахстана». Автором первого раздела книги является: Ольга Буренина-Петрова – доктор филологических наук, научный сотрудник Цюрихского университета (Швейцария). Данный курс лекций, отраженный в этом учебном пособии, был прочитан её в 2015 году для казахстанских специалистов в КазУМО и МЯ им. Абылай хана. Второй раздел книги подготовил Газинур Гиздатов – доктор филологических наук, профессор КазУМО и МЯ им. Абылай хана.

Учебное пособие предназначено для магистрантов специальностей «Журналистика», «Иностранная филология, Переводческое дело», может быть использовано при чтении курсов «Теория коммуникации», «Общее языкознание».

Пособие представляет интерес и для более широкого круга специалистов-гуманитариев, в том числе медиа-практиков.

Т.А. Кульгильдинова
доктор педагогических наук,
профессор КазУМОиМЯ им. Абылай хана

Общая редакция – ректор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, д.филол.н., профессор, член-корреспондент НАН РК, С.С. КУНАНБАЕВА

Главный редактор – начальник управления УМО, д.ф.н., Т.А. КУЛЬГИЛЬДИНОВА

Редакционная коллегия: Дизайн, верстка КЫНЫРБЕКОВ Б.С.

Учредитель – АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков» имени Абылай хана

Газета зарегистрирована в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации Республики Казахстан

Подписано в печать: 15.03.2016 г., Заказ № 35. Тираж 100 экз.

Отпечатано в «ИПЦ» КазУМОиМЯ им. Абылай хана, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200